

«KazakhExport» ЭСК» АҚ
Жалғыз акционерінің
2019 жылғы 26 шілдедегі №
37/19 хаттамасына
№ 9 қосымша

«KazakhExport» ЭСК» АҚ
Жалғыз акционерінің
2019 жылғы 26 шілдедегі №
37/19 шешімімен
«бекітілді»

**«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік
қоғамы акцияларды сатып алу кезінде олардың құнын айқындау
әдістемесі**

Нұр-Сұлтан қ., 2019 жыл

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы акцияларды сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесі (бұдан әрі - Әдістеме) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленді және «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) құнын айқындайды.

2. Осы Әдістеме Қоғам орналастырылған акцияларды:

1) Қоғамның бастамасы бойынша;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда Жалғыз акционердің талабы бойынша;

3) сот шешімі бойынша сатып алған кезде қолданылады.

3. Осы Әдістемеді мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) **акция** - Қоғам шығаратын және Қоғамды басқаруға қатысу, ол бойынша дивиденд және Қоғам таратылған кезде оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын, сондай-ақ «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтарды куәландыратын бағалы қағаз;

2) **Жалғыз акционер** – «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы;

2-тарау. Акцияларды сатып алу құнын есептеу әдістемесі

4. Қоғам акцияларды мынадай әдістеме бойынша айқындалған құн бойынша сатып алу туралы шешім қабылдауға құқылы:

1) Қоғамның меншікті капиталының мөлшерін, оның даму перспективаларын, Қоғамның нормативтерді сақтау бөлігіндегі заңнама талаптарын ескере отырып және Қоғам акцияларды ұйымдастырылған нарықта орналастырған жағдайда бағалы қағаздардың баға белгілеуіне әсер ететін өзге де факторларды ескере отырып, тиісті лицензиясы бар тәуелсіз бағалаушының қорытындысы негізінде нарықтық құн бойынша;

2) баланстық құны бойынша:

Баланстық құнды есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі (ҚБ):

$$ҚБ = (АК) / Q,$$

мұнда АК - акционерлік капиталдың баланстық құны;

Q - шығарылған акциялардың жалпы саны.

3-тарау. Қорытынды ережелер

5. Әдістемеге өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен енгізіледі.

6. Осы Әдістемеді реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Жарғымен және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарымен реттеледі.